

**"Биологиялық ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі Алматы облыстық департаменті" мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 маусым N 674

Алматы облысының барлық табиғат қорғау ұйымдарының қызметін ұйымдастыруды үйлестіру және бақылау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық органы ретінде "Биологиялық ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі Алматы облыстық департаменті" (бұдан әрі - Департамент) мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Департамент қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетін ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және соның шегінде жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

3. Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті Алматы орман, балық және аңшылық шаруашылығы облыстық басқармасының, Іле-Балқаш балық запастарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейн басқармасының, "Алтын Емел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің, Алматы мемлекеттік қорығының, Алакөл мемлекеттік қорығының, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің

қызметтерін ұйымдастыруды үйлестіру және бақылау жөніндегі функцияларды заңдарда белгіленген тәртіппен Департаментке жүктеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Орынбекова Д.  
Омарбекова А

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК